

ӘБІЛҚАС САҒЫНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚХА және ӘГП кафедрасы

Слайд-дәріс

Пән: ФИЛОСОФИЯ

Тақырыбы: «САНА, РУХ ЖӘНЕ ТІЛ»

Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған



Лектор: аға оқытушы Н.Ж. Сарсенбеков

Қарағанды 2022

ЖОСПАР:

1. Жан, ақыл, парасат, рух. Антикалық философиясындағы рух пен парасаттың космологизмі.
2. Ортағасыр дәстүріндегі рух пен жанның теологиялық түсінігі.
3. Сананың гносеологиялық моделдері. Жаңа заман философиясындағы тума идеялар концепциясы және cogito статусы. Неміс классикалық философиясындағы ақылдың трансценденталдық негіздері.
4. Шәкәрімнің үш анығы. Рух туралы.

«Сана - объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғары формасы, оның дүниеге және өзіне адамдардың қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей формаларының жанама тСана объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестері бірлігін көрсетеді. Ол адамның еңбек, қоғамдық-өндірістік қызметі процесінде пайда болады және сананың өзі сияқты байырғы тілмен айтарлықтай байланысты. Адам туған бойдан алдыңғы ұрпақтардың қолымен жасалған нәрселер дүниесіне кезігеді және өзі оларды мақсатты түрде пайдалануды үйрену процесінде ғана қалыптасады. үріндегі қатынасының тәсілі.

Дүниеде ең ғажап, керемет құбылыс - адамның рухани дүниесі, сана, ой. Адамзат игілігіндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер: зәулім құрылыстар, түрлі техникалық табыстар, өнер, дін, әдебиет, философия, ғылым - осылардың бәрі сол сананың күдіреті. Объективтік дүниеде сананың баламасы жоқ. Ол тек адамға ғана тән, сонда сана дегеніміз не? Ол қайдан, қалай пайда болады? Сана - бейнелеудің қасиеті. Бейнелеу - жалпы материяның қасиеті.

Бейнелеудің негізінде бір құбылыстың екінші құбылысқа, бір дененің екінші денеге тигізген әсерінің салдары жатыр.

Сана да сол әсердің нәтижесі. Бейнелеудің ең жоғары түрі тіршілікке, өмірге байланысты биологиялық формасы. Ал енді тіршілік өмірдегі бейнелену формалары қандай? Ол да түрліше. Ең алғашқы қарапайым бейнеленуге тітіркену жатады. Ол барлық тірі организмдерге тән құбылыс. Орталық жүйке жүйесі бар организмде ол рефлекс тудырады».

Пифагор алғашқы философ ретінде көп дәріптеліп, өлімнен кейінгі өмір идеясын жақтаушы ретінде де танылған. Бірақ ол басқалар секілді жан өлімнен кейін өзге, тылсым әлемге өтеді дегенге сенбеген, біз өмір сүріп жатқан дүниеге қайтып келіп, басқа тәнде өмірін жалғастырады деп санаған. Жанның басқа тәнге көшуі, яғни трансмиграция (мәңгі созылмаса да) - бір басқа да, өлімге бойсұнбайтын, ажалсыз құдайлардың батасымен келетін мәңгілік өмір - тіптен бөлек.

Анаксагор жандардың айырмашылығын көрсетеді: бірі - материалды әлемнің бөлігі болса, енді бірі - құдай тектес сана, ол - материалды емес, кем дегенде бірегей, эфирлі материядан жаралған. Эмпедокл «ұқсасты ұқсас таниды» десе, Анаксагордың санасы нәрсенің бәрін оның басқа нәрселерден ерекше болғанынан таниды. Тек ең ұлы ғарыштық сана ғана емес, басқалардың да (мүмкін, адамдар да) санадан дәмесі бар, демек, сананың кішісі де, үлкені де болады.

Платонның сана философиясын оның этикалық және метафизикалық проблемаларға байланысты диалогтарының үзінділерінен жинақтауға болады. Ал Аристотельдің философиялық психологиясы - мүлде бөлек мәселе. Этикалық жазбаларынан басқа, оның арнайы жан табиғаты туралы (*de Anima*) жүйелі трактатында, түрлі шағын монографияларында сезімдік қабылдау, ес, ұйқы және түс көру сияқты мәселелер қарастырылған.

Аристотель Платонның кей идеяларын қабылдап, одан ары жетілдірді, мысалы, жанның элементтерге бөлінуі, түйсікті соқтығыс ретінде қабылдап, оған философиялық талдау жасауы - соның дәлелі. Бірақ оның басты еңбегі - биологияны тереңдей зерттеуі болды. Аристотельдің жан құрылымы және жан қабілеті туралы ойлары философияға ғана емес, жалпы ғылымға шамамен екі мың жыл бойына ықпал етті.

Жан - тірі дененің формасы немесе шартты негізі ғана емес, денедегі өзгеріс пен қозғалыстың бастамасы, сонымен қатар, ең алдымен, денеге оның телеологиялық бағдарын көрсететін ақырғы себеп. Өсіп-өну, қайта түлеу-жаңғыру - өмірдің ең маңызды әрекеттерінің бірі. Әр тірі жан өзінің түрін қайта туындатуға ұмтылады, «жануар жануарды, өсімдік өсімдікті өндіреді, сол тәртіпке орай, олар мәңгілік және құдіретті әлемге шамасы келгенінше үлесін қосады».

Парсылық дәрігер, ғұлама ойшыл, философ әрі ақын Әбу Әли әл Хусейн ибн Абдаллах Ибн Сина (еуропалықтар жеңілдетіп Авиценна есімімен атайды) Бұқараға жақын орналасқан Афшан елді мекенінде 890 жылы дүниеге келген. Орта Азия мен Иранда өмір сүріп, Ибн Сина көне гректің философиялық жүйесімен, сондай-ақ ойлау (логика), аспан денелері (астрономия), физика сынды ғылым салаларын зерттейді. Әрине, медицина ғылымын да тереңнен зерттеуді мақсат етіп алады.

Хорезмде уақытша тұрақтаған уақытта Ибн Сина адам емдеу мәселесі баяндалған екі ғылыми еңбектерін жазумен шұғылданады. Бұлар, «Медицина ғылымдарының заңдары» (Канон) және «Денсаулық сақтау кітабы» (Кітап аш-шифа). «Медицина ғылымдарының заңдары» кітабында дәрігердің қызметі, адам емдеу мәселелері баяндалса, «Денсаулық сақтау кітабы» жаратылыстану мен өзге қоғамдық ғылымдарына арналады.

Ибн Сина «Рух дененің қай жерінде орналасқан?» деген күрделі де метафизикалық әрі теологиялық сұраққа практикалық тұрғыдан жауап бермек болып ота жасайды. Біреулері қалбте, яғни жүректе десе, өзгелері ол денені түгел қамтып жайылып жатыр деп тұжырымдады. Ибн Сина рухты Алланың әміріндегі нәрсе, ол материалды емес, көзге көрінбес, тұрағы болмас дегенді дәлелдеу үшін де осы отаны жасайды. Содан олар енді рух туралы таласпаймыз, Құранда айтылғанға сенеміз. Рух туралы бар жоқ деп айту күпірлік екен деседі.

Ол жан мен дененің генетикалық бірлігін растайды: «Жандар физикалық материя пайда болған кезде пайда болады, ол оны қолдануға жарайды». Жан сияқты дене де физикаға бағынады. Өсімдіктер мен жануарлардың, саналы тіршілік иелері әртүрлі материалды тэнге ие.

Саналы жан мидың белсенділігімен байланысты және оның әртүрлі қабілеттері мидың тиісті бөліктерімен байланысты. Тітіркену, иіс, дәм және есту органдарының функциялары, сезу, бейнелеу, есте сақтау, қиялдау қабілеттері, сондай-ақ ұйқы кезіндегі сана-сезімнің жағдайы жан-жақты сипатталған.

И.Канттың сыни философиясындағы жаңалықтардың бірі, оның өзіне дейінгі догматтық метафизиканың сәтсіздігін және Құдай болмысы мен жанның (рухтың) мәңгілігін дәлелдей алмағанын ашық көрсетуінде болатын.

Егер, Құдай болмысына дәлел келтіру мүмкін болмаса да, Кант философиясынан кейін оның Құдай болмысы мен жан туралы тұжырымдары ақылға қонымды дүние ретінде қабылданды. Кант өзінің көзқарастарында Құдай болмысына келтірілген дәлелдерді сынға ала отырып, неоплатоншылдар дамытқан Платон ілімінің негізгі ережелерін терістеді.

И.Кант өзіндік көзқарастарын тұжырымдай келе, Құдайды анықтаудың трансцендентті дәлелін келтіреді. Трансцендентті дегеніміз - адам тәжірибесінен тысқары, адамға еш танылмайтын дүниені, құбылысты айтамыз.

Жак Деррида 1930 жылы Алжир қаласының маңында дүниеге келеді. Алжир елі ол кезде Францияның отары еді. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында ол Вишилік Францияның қоластында болды. Алжирде антисемиттік заңдар үстемдік еткендіктен, шыққан тегі еврей жас Дерриданың білім алуға мүмкіндігі болған жоқ.

Структурализм - XX ғасырдың 60-шы жылдары сәнге айналған философиялық және әдіснамалық дүниетаным. Бұл - тілді, қоғамды, сондай-ақ әртүрлі суретшілер мен жазушылардың еңбектерін зерттеу әдісі. Структурализмнің мәні - нақты дүние нәрселерден емес, байланыстардан тұрады деп қарастыру. Структурализм ұғымы бойынша, біз қоршаған дүниенің объектісін көргенде, сезгенде, иіскегенде ол туралы ақпарат аламыз, яғни оны қабылдаймыз.

Дерриданың айтуынша Сократ философияның ойлау мен адамдардың арасындағы көзбе-көз кездесулерде туындайтынын алға тарта отырып, ойларын жазудан бас тартты; осы себептен де Платон еңбектерін диалог түрінде жазды. Аристотель адамның зердесіндегі ойлардың нақты дүниедегі заттармен тікелей байланысты екенін айтты. Сөйлеу - адамның өз сұхбаттасының идеясынан алыстағанының белгісі; жазу - адамның ойдан бұрынғыдан бетер алыстап, заттарға тікелей бет бұрғанының белгісі.

Қазіргі адамдар бір нәрсені білдіретін сөз жоқ болса, демек, ол нәрсе мүлде жоқ деп санайды. Сөз - зат қандай болса, дәл сондай түрде қабылдау үшін қажет құрал. Тілді меңгеру - затты қадағалау деген сөз. Бұдан бөлек, логоцентризм бинарлы қарама-қарсылықтардың біреуін жоғары-ақ қоюға тырысты: жарық - қараңғылықтан, дерек - қиялға қарағанда маңызды, пісірілген - шикіден, ер - әйелден, капиталист - жұмысшыдан жоғары. Деррида сөйлеудің жазудан басымдығын терістегенде қандай да бір абсолютті ұғымын сынады. Сөйлеу де, жазу да - белгілер.

Деррида тіл мәселелерінің шешілмеуінің базистік негізі бар екенін атап өтті; бұл жағдай ішінара тілдік бұрмалаудан көрініс табады. Түпкі мағынаға біз ешқашан жете алмаймыз.

Деррида барлық тілдік белгісіздіктерді «деконструкциялап», бүкіл тіл жүйесінің жұмыс істеу үдерісіне тән шешілмес қасиетін анықтады. Дерриданың еңбектері бізге көпке мәлім академиялық мағынадағы дәлелдер ұсынбайды.

Қазақ қоғамында жан, рух мәселесіне қалам қозғап, зерттеу жүргізген ойшылдардың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Шәкәрім 1905-1906 жылдары қажыға сапар шегіп, жолай Стамбұл кітапханаларымен жақынырақ танысуды мақсат тұтады. Ойшылдың әлемге, жалпы дүниеге, діни мәселелерге деген қатынасында қайшылықтар болғанымен, соншалықты дінге бүтіндей берілген емес, соқыр сеніммен емес, көкірек көзімен тануға ұмтылған. Шәкәрімнің діни ұстанымдарынан оның рационализмге, яғни Құдайды ақыл-ой, зерде арқылы танып білуге ұмтылысын аңғарамыз. Шәкәрімнің пайымдауынша жаратылыс бастауы жаратушы әрі ол жалғыз.

Ойшылдың «Үш анық» деп аталатын философиялық тұрғыда жазылған ғылыми еңбегінде жан, рух ұғымдарына дәйекті тұжырымдар келтіреді. Қазақ мәдениетінде бұрыннан қалыптасқан көзқарас - жанның мәңгілігі жөніндегі мәселе. Әл-Фараби, сондай-ақ, Қожа Ахмет Иассауи, әрі Абай Құнанбайұлы, кейінгі дәуір өкілі Мағжан Жұмабаев, сонымен қатар, Шығыстан шыққан ойшылдар адамның дүниедегі тіршілік етуі жанның мәңгілігімен өлшенетіндігін түйіндейді. Әлем мен адамзат баласына бағыт беруші, жол көрсетуші, мәңгілік пен шексіздіктің кепілі - Нұр.

Оны адамның жай ақылымен ғана емес, сондай-ақ түпкілікті аңғара отырып, жан дүниесімен қабылдауы қажет. Өтпелі өмірден мәңгілікке (фәниден бақиға) көшу деп адам жанының Нұрға қосылуын меңзейді. «Жан, - дейді Шәкәрім, - менің айтқанымдай баста бар болса, тұрған денесі орын болуға жарамаған соң, денеден шыққанда біржола жоғалып кетпейді. Құр ғана өзгертін болса, бұрыннан бар жанның жоғалуына түк дәлел жоқ. Олай болса, бір түрге түсіп барлықтың ішінде бар болып жүреді».

Ұлттық сана сезімнің құрылымы - ұлттық сана-сезімнің бірлігі, ұлттық құндылықтарға бейімділік, егемендікке ұмтылу. Ұлттық сана белгілі бір қауымдастыққа, ана тіліне деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениетке, ұлттық құндылықтарға адалдық, ұлттық мақтаныштың саналы сезімдері мен ортақ мүдделер сияқты құрылымдарды қамтиды. Бұл құрылымдар үнемі диалектикалық даму үрдісінде. Ана тілінің ұлт тағдырына деген тигізер әсерін талқылай келе, Ш. Айтматов: «Әр ұлт үшін ана тілінен артық ұлы дүние жоқ», - деп тұжырымдады.

Ұрпақ ретінде ел алдындағы қасиетті борыштарымыздың бірі - ана тілінің тазалығы мен байлығын сақтау. Ұлттың өзіндік санасының негізгі қыры өскелең ұрпақтың өзіндік ұлттық табиғатының ерекшелігін аңғару.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени негіздеріне әсер ететін ауқымды өзгерістер, жаһандық өзгерістер жағдайында ұлттық сананы қайта құру мәселесі өзекті бола түсуде. Қазақстандықтар үшін, сондай-ақ, қазіргі әлем үшін, түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыратын көптеген танымдық және психологиялық проблемалар баршылық.

Әрине, ұлттық бірегейлікті өзгертудің негізгі бағыттарын анықтау әлеуметтік-гуманитарлық білім үшін де, мемлекет үшін теориялық және практикалық қызығушылық тудыруда. Қазіргі қазақстандық қоғамның ұлттық санасының құрылымы алуан түрлі әрі көп салалы, сондықтан оны зерттеуде көптеген өлшемдер мен тәсілдерді ескеру қажет.

Ұлттық сана этносаралық және ұлтаралық қатынастар құндылықтарын қамтиды. Ұлттық сананың негізгі құрамдас бөліктері:

- әлемді қабылдау және оған деген көзқарас;
- ұлтты білу;
- олардың ұлттық-этникалық қауымдастығының тарихы мен мәдениетіне қатынасы;
- басқа ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне қарым-қатынас;
- патриоттық сезім мен патриоттық тұрғыдан өзін-өзі тану;
- ұлттық-мемлекеттік қауымдастықтың хабардар болуы.

Ұлттық сананың екі деңгейі бар:

1) қарапайым сана - ұлттық - этникалық қоғамдастық өкілдерінің көптеген ұрпақтарының табиғи биологиялық және әлеуметтік дамуын синтездеу нәтижесі болып табылатын көп деңгейлі, көп қырлы, қайшылықты және ұтқыр білім.

Күнделікті сана құрылымына:

- адамдардың ұлттық мінезінде көрінетін күнделікті қажеттіліктер, қызығушылықтар, құндылықтар жүйесі, көзқарастар, сезімдер мен көңіл-күйлер және басқалар;

- халықтың әлеуметтік жады кодталған және оның қызметінің нормасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер;

2) теориялық сана - ұлттың өмір жолы, орны мен мақсаттары туралы жалпыланған, ғылыми негізделген, әлеуметтік-саяси көзқарастар жүйесі.

Теориялық сана құрылымы:

- белгілі бір ұлттық-этникалық қауымдастық өкілдерінің нормалары, құндылықтары мен мінез-құлқы;
- ұлт идеологиясы;
- ұлттық идеяны құрайды.

Мазмұны бойынша ұлттық сана әмбебап, әрі ұлттың диалектикалық бірлігі ретінде әрекет етеді және ұлттың ерекше болмысында көрініс табады.

Ұлттық сананың негізі - ұлттық бірегейлік.

Ұлттық сананың негізі дегеніміз - бұл ұлттық қауымдастық өкілдерінің даму жолы, бүгіні және болашағы туралы, басқа қауымдастықтар арасындағы орны және олармен қарым-қатынас сипаты туралы нақты мазмұнды, деңгей мен ерекшеліктерді көрсететін көзқарастар, білім, бағалау, мұраттар жиынтығы. Сонымен, ұлттық сана дегеніміз – сол ұлтқа тән сананың элементтерін игеру.